



Жаалағаш жаршысы



«zhahalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәжіліс

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ: ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жаңа оқу жылында 20 мектепте 6843 оқушы білім алады. Оның ішінде 628 бала алғаш мектеп табалдырығын аттамақ. Бұл туралы аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте кеңінен тарқатылды. Жиында аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндады. Аудан әкімі сала басшысына дайындық жұмыстарын сапалы әрі жүйелі жүргізуді тапсырып, бірқатар маңызды міндет жүктеді.

– Жаңа оқу жылына қажетті барлық шараларды уақытылы қабылдап, дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізіміз қажет. Оқушыларды оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен толық қамту жұмыстары сапалы ұйымдастырылуы тиіс. Балаларымыздың мектепке дайындығына қатысты мәселе болмауы керек. Жыл сайын ұйымдастырылатын «Мектепке жол» акциясы аясында көмекке мұқтаж көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары назардан тыс қалмауын қадағалаңыздар. Сонымен қатар жаңа оқу жылы қарсаңында оқу құралдарын төмен бағада ұсынатын жәрменкелер ұйымдастыру мәселесін қарастыру керек, – деді аудан әкімі Ардақ Әбділпапұлы.

Айта кетейік, аудан бойынша 20 мектеп, 36 мектепке дейінгі ұйым, 3 қосымша және 2 арнаулы білім беру ұйымы жұмыс істейді. Биыл 251 бала балабақшаны аяқтап, мектеп табалдырығын аттайды. Жаңа оқу жылында 20 мектепте 6843 оқушы білім алады. Бірінші сыныпқа қабылдау жұмыстары 1 сәуір мен 15 тамыз аралығында eGov.kz электронды үкімет порталы арқылы жүргізілді. Нәтижесінде бүгінгі күнге дейін 628 бала бірінші сыныпқа қабылданған. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында биыл жөндеу жұмыстарына 145,4 млн теңге қаралып, тиісті жұмыстар жүргізілген.

Ауданда аз қамтылған және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында демеушілер тарту жұмыстары жүргізілмек. Сондай-ақ міндетті оқу қоры есебінен аудан бойынша 1957 балаға әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Әр балаға мектепке қажетті киім-кешек пен оқу құралдарын сатып алуға 50 851 теңгеден қаржылай көмек беріліп, осы мақсатқа жалпы 99 млн 515 мың 407 теңге қарастырылған. Мемлекеттік қолдаудың басты мақсаты – әр баланың білім алуына қажетті жағдай жасап, әлеуметтік жағдайына қарамастан мектепке тең мүмкіндікпен баруын қамтамасыз ету. Қаржылай қолдау ең алдымен әлеуметтік тұрғыдан қорғауды қажет ететін балаларға бағытталды. Олардың қатарында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленіп жатқан, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған оқушылар бар. Сонымен қатар жаңа оқу жылына дайындық аясында ұйымдастырылған «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында аудан бойынша 365 бала мектеп формасымен, оқу құралдарымен және қаржылай көмекпен қамтылады.



Жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс қалмады. Жиында аудан әкімі білім беру ұйымдарында қауіпсіздік шараларын күшейтіп, оқушылардың мектепке қауіпсіз қатынауын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Аудандағы 20 мектеп пен 9 балабақша бейнебақылау жүйесімен және дабыл түймелерімен 100 пайыз қамтылған.

– Жаңа оқу жылы жақындап келеді. Оқушылардың қауіпсіздігі үшін кезекшілік ұйымдастырыңыздар. Әсіресе, кент орталығындағы көлік қозғалысы көп көшелерде орналасқан мектептер маңындағы қауіпсіздікті күшейту қажет. Жаяу жүргіншілер жолдарын ретке келтіріп, жол белгілерін жаңартыңыздар, – деді аудан әкімі.

Сонымен қатар жиында суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шараларының орындалуы барысы қаралды. Жауапты сала басшыларына су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау және тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жалғастыру тапсырылды. Бұдан бөлек, алдағы жылу беру маусымына дайындық барысы талқыланып, жылу нысандарының әзірлігін қамтамасыз ету жөнінде тиісті міндеттер жүктелді.

380 мың бүлдіршін бірінші сыныпқа қабылданады

Айта кетейік, биыл елімізде 380 мыңнан астам бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттамақ. Қазіргі таңда олардың 320 мыңға жуығы, яғни шамамен 84 пайызы білім беру ұйымдарына қабылданып үлгерген. Оның ішінде 296 мыңға жуық бала мемлекеттік, 23 мыңға жуық оқушы жекеменшік мектептерде білім алады. Қалалық мектептерге шамамен 191 мың, ауылдық білім ошақтарына 128 мың бала қабылданады. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар 4 мыңға жуық бала бірінші сыныпқа қабылданған. Болашақ бірінші сынып оқушыларының 71 пайыздан астамы қазақ тілінде білім беретін сыныптарда тандаған. Ал 26 пайыздан астамы орыс тіліндегі сыныптарға қабылдана, шамамен 2,5 пайызы өзге тілдерде білім алатын сыныптарға бармақ. Сонымен қатар өзге ұлт өкілдерінің 2 мыңнан астам баласы қазақ тілінде білім беретін сыныптарды тандаған.

Құжат қабылдау 27 мамырдан 31 тамызға дейін бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі. Ата-аналардың шамамен 84 пайызы өтінішті электронды түрде берген. Бірінші сыныпқа қабылданатын балалар саны бойынша Түркістан облысы көш бастап тұр. Мұнда 50 мыңнан астам бала мектеп табалдырығын аттайды. Одан кейін Алматы облысында 35 мыңнан астам, Астанада 33 мың, Алматы қаласында 31 мыңнан астам, Шымкентте 29 мыңнан астам бала бірінші сыныпқа қабылданады.

Жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан балаларға қолдау көрсету мақсатында дәстүрлі түрде қаржылай көмек беріледі. Биыл да 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалпыға міндетті білім беру қоры аясында оқушылардың мектепке қажетті құрал-жабдықтарын сатып алуына материалдық көмек көрсетіледі. Аталған қолдау балалардың жаңа оқу жылына толық дайындалуына мүмкіндік береді. Айта кетейік, 2026-2027 оқу жылында еліміз бойынша аталған қолдаумен 450 мыңға жуық оқушыны қамту жоспарланып отыр. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттерден шамамен 23 млрд теңге қарастырылған.

17 мың астам бала мектеп оқушысы атанады

Қазіргі таңда облыс көлемінде 31 мектепте жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Өңірде 651 мектепке дейінгі ұйым, 327 мектеп және 28 колледж жұмыс істейді. Жаңа оқу жылында 1-11 сыныптарда 190 мыңнан астам оқушы білім алады деп күтілуде. Биыл бірінші сыныпқа 17 700 бала қабылданады. Оқушыларды бірінші сыныпқа қабылдау үшін құжаттарды қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады. Сонымен қатар өңірдегі 63 қосымша білім беру ұйымында 70 мыңға жуық оқушы түрлі бағыттағы үйірмелер мен секцияларға қамтылған. Жақында ғана пайдалануға берілген «AI-Kentim» оқу-сауықтыру орталығы мен Ботаникалық бақ та жыл бойы балалар мен жастардың игілігіне қызмет етпек.

Сезім НҰР

Аймақ жаңалықтары



САЛА ҮЗДІКТЕРІ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Қызылорда қаласындағы «Құзыреттілік орталығында» Спорт күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен спорт саласының ардагерлері қатысты. Аймақ басшысы саланы дамытуда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, спортшылардың жетістіктеріне жоғары баға берді.

– Баршаңызды Спорт күнімен шын жүректен құттықтаймын! Спорт – ерік-жігердің мектебі, мінезді шыңдайтын алаң, ұлт рухын көтеретін күш.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан спорт державасы болуға тиіс. Сол үшін біз маңызды спорт нысандарын салып жатырмыз. Халықтың спортқа деген қызығушылығын арттыру – біздің ортақ міндетіміз» деген болатын. Сыр спорттың байырғы бастамалар мен өміршең жобалар республика аумағында үлгі ретінде қолданылуда. Біздің ортақ жетістігіміз баршаңызға зор жауапкершілік жүктейді. Сыр өңірінің спортшылары әлемдік додалар мен ел біріншіліктерінде әрдайым жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің атын әлемге танытуда. Халықаралық аренада көк туымызды көкке көтерген сырбойлық спортшылар жыл басынан бері Әлем, Азия чемпионаттарынан 31 алтын, 16 күміс, 22 қола медаль жеңіп алды. Ал ел біріншіліктерінде 120 алтын, 100 күміс, 162 қола медальға қол жеткізді. Өткен айда Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен волейболды отырып ойнаудан Әлем чемпионатында ұлттық құрама өкілдері қола жүлдеге ие болды. Ұлттық құрама сапында жерлестеріміз Эрик Қасқабаяв, Шыңғыс Медеуов, Ерасыл Әбдібек өнер көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғады. Шыңғыс Медеуов Әлем чемпионатының «Үздік ойыншысы» атанды. Өткен аптада Германияның Дортмунд қаласында өткен грек-рим күресінен халықаралық турнирде Сыр мақтаншы Айдоос Сұлтанғали жеңімпаз атанып, ел мерейін үстем етті. Күні кеше ғана өзіміздің «Қайсар» футбол командасы Қазақстан Кубогының жарыс-финалында астаналық «Жеңіс» командасын жеңіп, финалға жолдама алды. Бұл жетістіктер – мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар мен

сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің жемісі, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Салтанатты шарада волейболды отырып ойнаудан Әлем чемпионатында қола жүлде алған ұлттық құрама сапындағы Сыр спортшыларына аймақ басшысы 1 млн теңге қаржылай сертификат табыстады. Сондай-ақ саланың дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтар облыстың «Құрмет» грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, облыс әкімінің алғыс хатымен, Туризм және спорт министрлігінің «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Спорт саласының үздігі» төсбелгісімен, «Құрмет» грамотасымен, министрінің алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, кейінгі төрт жылда Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен 11 мың орындық «Kaysar Arena» стадионы, Теннис, Инклюзивті спорт орталықтары және 24 жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді. Қаланың саулеттік келбетіне көрік берген жаңа стадионға УЕФА-ның 4-санаттағы жоғары мәртебесі беріліп, республикалық және халықаралық футбол ойындарын өткізуге мүмкіндік алды. Облыс орталығында аумағы 25 мың шаршы метр «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Нысан жыл соңына дейін ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда. Бүгінде аймақта 388 мыңнан астам тұрғын бұқаралық спортпен шұғылданады. Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлайтын 33 спорт мектебінде 22 мыңнан астам шәкірт кәсіби бағытта тәрбиеленеді.

«ЖОК» ақпарат

Бағдарлама игілігі

БИЕ БАЙЛАП, САУМАЛ САТҚАН

Ауылға арнайылап келген соң кәсіпкердің шаңырағына аялдап, кәсібімен жақынырақ танысуды жөн көрдік. Біз жеткенде сауынның уақыты екен. Жаңа сауылған саумалдың дәмін тату үшін ауыл тұрғындары да осында жиналыпты. Біз де олардың жанына жайғасып, кейіпкеріміздің кәсібінің қыр-сырымен таныстық. Сондай-ақ ауылдағы ағайынның табиғи өнімге деген қызығушылығы мен ауылдың қоңыр тіршілігіне куә болдық.

Кәсіпкер келіншек 2023 жылы «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында 1 млн 250 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грантқа ие болған. Қаражат қолына тие салысымен екі бие сатып алып, ауласындағы қораға байлаған. Осылайша, ауылда кәсіп бастауға бел буып, бие сауып, саумал сатуды қолға алған.

– Пандемия кезінде өз қаражатымызға бір бие сатып алып, алғашында саумалды отбасымыз үшін пайдаландық. Кейін ауыл тұрғындары бұл туралы естіп, саумал сатуды ұсынды. Сол кезде жұрт жиі ауырып, табиғи өнімге, оның ішінде саумалға деген сұраныс ерекше артты. Ақырындап тұрақты тұтынушылар қалыптасты. Пандемия аяқталғанмен, саумал ішетіндердің қатары азайған жоқ. Керісінше, күнделікті тұтынатындар көбейді. Содан бері бұл істі кәсіпке айналдырып, үзбей жалғастырып келеміз, – дейді Айгүл Талғатқызы.

Кәсіптің берекесі еңбекте екенін жақсы түсінетін Айгүл жолдасы екеуі таңның атысынан кештің батысына дейін қора-қолсының жұмысын дөңгелентіп отыр. Екі биені күніне бес мәрте, әр үш сағат сайын сауып, әр сауымнан орташа есеппен бір литрге жуық саумал алады. Жаңа сауылған өнім тұтынушыларға сол күйінде ұсынылады. Ал артылып қалған сүттен қымыз ашытады. Табиғи өнімнің қадірін білетіндердің қатары да жыл сайын артып келеді. Қазір

Таң сәріден елді мекендерге жасаған жұмыс сапарымыз Мырзабай ахун ауылында жалғасты. Ауыл округі әкімі аппаратының бас мамандарының айтуынша мұнда мемлекеттік гранттың игілігін көріп, өз кәсібін дөңгелетіп отырғандар аз емес. Солардың бірі – жылқы шаруашылығын кәсіпке айналдырып, бие байлап, саумал сатқан Айгүл Омарова.

кәсіпкердің үйіне күн сайын онға жуық адам саумал ішуге келеді. Олардың арасында жергілікті тұрғындармен бірге көршілес елді мекендерден арнайы ат басын бұрып келетіндер де бар.

Айгүлдің айтуынша, тұтынушылардың басым бөлігі саумалды бір рет ішіп қана қоймай, тұрақты түрде алып тұрады. Кәсіпкер алдағы уақытта жылқы басын көбейтіп, кәсібін кеңейтуді жоспарлап отыр. Айта кетейік, бұл кәсіптің де өз маусымы бар. Кәсіпкердің айтуынша, бие байлау жұмысы көктемде басталып, күзге дейін жалғасады. Қыс түсіп, биелер суалған кезде саумал мен қымыз өндіру ісі уақытша тоқтайды. Дегенмен осы кезеңде де кәсіпкер қарап отырмайды. Ол қазіргі таңда саумал және қымыз дайындаумен қатар, сиыр шаруашылығын да қатар дамытып келеді. Қыс айларында сиыр сауып, одан алынған сүтті түрлі өнімге айналдырып, ауыл тұрғындарына ұсынады. Айгүл Талғатқызының сиыр шаруашылығына да қызығушылығы ертерек оянған. 2015 жылы бір бас сиырдан басталған іс бүгінде шағын шаруашылыққа айналған. Қазір қорасында өз қаражатына алған төрт бұзаулы сиыры бар. Күн сайын олардан орташа есеппен 10 литр сүт алып, оны ауыл тұрғындарына өткізеді. Сүттен айран, қатық ұйытып, құрт, сарымай, ірімшік секілді табиғи өнімдер дайындайды. Бір сөзбен айтқанда, дайын өнімді сатып алушыға ұсынумен ғана шектелмей, сүтті толықтай қадеге жаратып отыр.

Осылайша, бір ғана бағытпен шектелмей, мал шаруашылығының бірнеше түрін қатар

алып келе жатқан кәсіпкер ауылдағы еңбектің берекесін ісімен көрсетіп отыр. Табиғи өнімге сұраныстың барын ескеріп, өндiрген өнiмiн ысырап етпей, өңдеп, дайын өнім түрінде тұтынушыға жеткізуді де жолға қойған. Кәсіпкердің айтуынша, ауылдағы шаруаның өзіндік қиындығы болғанымен, оның берекесі де мол. Ең бастысы – маңдай термен келген табыстың қадірін білу. Екі бие сауып, ауылда табиғи өнім ұсыну арқылы кәсібін жүргізіп отырған Айгүл Талғатқызы мемлекеттік қолдаудың ауыл тұрғындарына жаңа мүмкіндік ашатынын өз ісімен дәлелдеп келеді. Кәсіп бастауға ниеті бар жандарға да қарап отырмай, қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, еңбектенуге кеңес берді.

– Өзіңіз көріп отырғандай, ауыл – берекелі жер. Қазір кейбір жастар «ауылда жұмыс жоқ» деп қалаға ұмтылады. Меніңше, еңбек етемін деген адамға ауылдың өзінде мүмкіндік көп. Мемлекеттік бағдарламалардың арқасында қаншама адам кәсіп бастап, табысын арттырып отыр. Бастысы – ниет пен еңбек керек. Бір істің көзін тапсаң, ауылда отырып-ақ табыс табуға болады. Былтыр үлкендерден «ешкі сүті де шипалы» дегенді естіп, үш ешкі сатып алып көрдім. Бірақ ешкінің күтімі сиыр мен жылқыға қарағанда өзгешелеу екен. Бұған дейін ірі қара мен жылқыға әбден үйреніп қалғандықтан, ешкінің бабын бірден таба алмадық, – дейді кәсіпкер күлімсіреп.

Бүгінде Айгүл Талғатқызының шаңырағы ауылдағы ағарған өнімнің шағын ошағына айналған. Бір мезгілде саумал мен қымыз, енді бір кезеңде сүт, айран, қатық, құрт пен ірімшік ұсынатын кәсіпкер жыл он екі



Сезім НҰР

ай бойы еңбектенуге тырысады. Оның кәсібінен ауыл тұрмысының қарапайым тіршілігі мен маңдай тердің берекесін аңғардық. Алғашқыда екі биемен басталған кәсіп бүгінде берекелі іске айналған.

Ауыл тұрғындары үшін табиғи әрі құнарлы саумал ұсынған Айгүлдің өніміне сұраныс та бар. Кәсіпкердің айтуынша, жұмыстың қиындығына қарамай, маңдай термен адал еңбек адамның ғана еңбегі ақталып, берекесі артмақ.

Мерей

Спорт – елдің мерейін үстем етіп, жас ұрпақты жауапкершілік пен табандылыққа тәрбиелейтін маңызды сала. Бүгінде ауданда бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріліп, тұрғындарды салауатты өмір салтына баулу бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Соның нәтижесінде жергілікті спортшылар түрлі деңгейдегі жарыстарда топ жарып, аудан абыройын асқақтатып келеді. Тамыз айының үшінші жексенбісі – Спортшылар күні. Сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Руханият орталығында салтанатты шара өтті. Жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов спортшылар мен сала ардагерлерін мерекемен құттықтап, олардың спортты дамытуға қосқан үлесіне тоқталды. Сондай-ақ ауданның спорттық әлеуетін арттыруға атсалысып жүрген бірқатар спортшы марапат төрінен көрінді. Олардың еңбегі ел мерейін еселеп, ескелең ұрпаққа үлгі болып отырғаны да аталып өтілді.

Бүгінде ауданда бұқаралық спортты дамытуға, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне және балалар мен жастарды спортқа тартуға басымдық беріліп келеді. Спорт саласының өркендеуіне қолдау көрсету бағытында инфрақұрылымды жаңғырту мен материалдық базаны нығайту жұмыстары да жүйелі түрде жалғасуда. Заманауи талаптарға сай жаңа спорт нысандары салынып, қолданыстағы ғимараттар жаңғыртылуда. Бұл жұмыстар шалғай ауылдардағы спортсүйер қауымға жаңа мүмкіндік сыйлап отыр. Мәселен, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында аудан орталығында денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Қазір мұнда волейбол, баскетбол, футбол, гандбол, қазақ күресі үйірмелері тұрақты жұмыс істейді. Бұдан бөлек, аудандық және облыстық деңгейдегі жарыстар мен спорттық шаралар да жаңа кешенде өткізіліп келеді. Кенттегі орталық стадионды жаңғырту жұмыстары

СПОРТ САҢЛАҚТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



да назардан тыс қалған жоқ. Қазақстан футбол федерациясының «Алаң» жобасы аясында орталық стадион 180 млн теңгеге жаңғыртылды. Мұндай мүмкіндіктер ауылдарда да кеңейіп келеді. Мәселен, өткен жылы «Қазақстан халқына» қорының қаржыландыруымен Аққыр ауылдық округінде жаңа спорт кешені ашылып, ел игілігіне берілді. Қазіргі таңда мұнда 6 спорт түрі бойынша 180-ге жуық спортшы шынығуда. Шалғай елді мекендегі бұл нысан ауыл балаларының спортпен жүйелі түрде айналысуына жол ашып, жас өрендердің қабілетін шыңдауға мүмкіндік береді. Қысқасы, спортқа жасалған әрбір жағдай – ел болашағына жасалған маңызды қадам. Жаңа нысандардың қатарға қосылуы ауданның спорттық әлеуетін арттырып қана қоймай, жеңіс жолына ұмтылған жас буынның талабын ұштауға мүмкіндік беріп отыр.

– Бүгінде ауданда бұқаралық спортты дамытуға айрықша мән беріліп, тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына барлық мүмкіндік жасалуда. Қазіргі таңда 16 мыңға жуық аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысады. Бұл аудан халқының 44 пайызын құрайды. Аудан спортшыларының жетістігі де көңіл қуантады. Жыл басынан бері спортшылар Әлем және Азия чемпионаттарында, сондай-ақ облыстық деңгейдегі додаларда түрлі дәрежедегі

144 медаль жеңіп алып, аудан мерейін үстем етті. Биыл халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанғандар саны – 2, I разрядты спортшылар – 35, спорт шеберлері – 11, ал спорт шеберіне үміткерлер 107-ге жетті. Бұл көрсеткіш – спортшылардың ғана емес, оларды жеңіске жетелеген жаттықтырушылардың да қажырлы еңбегінің жемісі. Ауданымыздың атын алыс-жақына танытып, байрақты бәсекелерде топ жарып жүрген спортшыларымызға және оларды дайындап жүрген жаттықтырушыларға алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да спорт саласындағы жұмыстар жүйелі жалғасын тауып, жаңа жеңістерге жол ашылады деп сенемін, – деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Кенжеғараұлы.

Сонымен қатар қабылдауда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, кент ардагерлері кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан, «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы», спорт саласының ардагері Сұлтан Бекжанов сөз сөйлеп, спорт саласының дамуына қатысты ой-пікірлерін ортаға салып, жас спортшыларға ізгі тілектерін білдірді.

Айта кетейік, аудан көлемінде спорттың түрлі бағыттарын дамытуға арналған 145 спорт нысаны, спорт залдары мен алаңдары жұмыс істейді. Балалар мен жасөспірімдерді, сондай-ақ тұрғындарды спортқа кеңінен тарту ісіне 180-ге жуық спорт маманы атсалысып келеді. Аудандағы №13 және №14

спорт мектептерінде 1813 оқушы спорттың 14 түрімен шұғылдansa, «Наркескен» спорт клубында 1044 спортшы 8 спорт түрінен жаттығады. Ал балалар-жасөспірімдер денешынықтыру даярлығы клубында 200-ге жуық спортшы спорттың 6 түрін меңгеруде.

Жиын соңында ауданның спорт саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, оның дамуына үлес қосқан сала мамандары мен жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен спортшылардың еңбегі еленді. Үздіктер аудан әкімінің алғыс хатын иеленсе, облыстық біріншіліктің ашық турнирінің жеңімпаздары Қазақстан Республикасының EVEREST баспа үйінің «Жыл үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ауданда спортты дамыту бағытындағы жұмыстар жыл өткен сайын қарқын алып келеді. Тұрғындарды бұқаралық спортқа тарту, жастардың спортпен тұрақты шұғылдануына жағдай жасау және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылуда. Бұл ретте кент пен ауылдық округтерде спорттық үйірмелердің жұмысы жолға қойылып, жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттыруға көңіл бөлінуде. Осылайша, аудан спорты жоғары жетістіктерге жетіп, өз нәтижесін көрсетіп келеді. Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен түйінделді.

Ақтоты БҮРКТІБАЙ

Спартакиада

АРДАГЕРЛЕР ТОП ЖАРҒАН ДОДА

Жеңіс – жастың емес, жігердің еншісі. Адам ғұмырының әр кезеңінің өз биігі бар. Жастық шақ – арманның қанат қаққан шағы болса, кемел кезең – көрегенділік пен парасаттың салмағы артқан тұс. Ал ардагерлік – өмірден өткенді ғана саралайтын емес, кейінгіге өнеге көрсететін абыройлы белес. Сондықтан аға буынның белсенді өмір салтын қалыптастырып, олардың қоғамдағы орнын айшықтай түсу – ұрпақ сабақтастығының маңызды бір арнасы.

«Денсаулық – адамның ең қымбат қазынасы, ал қимыл – сол қазынаның кілті» деген тағылымды сөз бар. Осы қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған аудан ардагерлері спорт алаңында тағы бір мәрте сергектік пен ширақтықтың жасқа өлшенбейтінін көрсетті. Сөйсенбіде аудан орталығында кент пен ауылдық округ ардагерлерінің қатысуымен аудандық XIV спартакиадасы ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын дәріптеп, аға буын өкілдерінің қоғамдық белсенділігін арттыруды мақсат еткен дәстүрлі додаға 15 командадан 130 ардагер қатысты.

Спартакиаданың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ардагерлерге ақжолтай тілегін білдіріп, «Спартакиада – аға буын өкілдерінің белсенді өмір салтын насихаттап, денсаулықты нығайтуға, өзара достық пен сыйластықты арттыруға бағытталған тағылымды шара. Барша қатысушыларға сәттілік тілеймін!» – деді.

Жарысқа жиналған жандардың жүзінен бәсекеге деген құлшыныспен қатар, бір-біріне деген сыйластық пен ізгі ықылас та анық байқалды. Бұл додада спорттық нәтиже ғана емес, өмірлік тәжірибенің, сабыр мен табандылықтың да салмағы таразыға түсті. Арқан тартыста блекке күш, асық атқанда көзге дәлдік, бес асықта ептілік пен есеп, қол күресінде қайсарлық сыналса, ұзындыққа секіруде ширақтық, тоғызқұмалақта зерде мен терең ой сараланды.

Арқан тартыста Мәдениет ауылының командасы топ жарып, I орынға ие болды. II орын Таң ауылының, III орын Аққыр ауылының ардагерлеріне бұйырды. Ал асық атудан Еңбек ауылының ардагері Қоныс Медеуовтің мерейі үстем болып, I орын алды. II орынға М.Шәменов ауылының ардагері Құттыбай Қалиев, III орынға Есет батыр ауылының ардагері Саттар Доспанбетов жайғасты. Әйелдер арасындағы бес асық сайысында Қаракеткен ауылының ардагері Сафура Сейтенова үздік атанды. Ал кент ардагері Лиза Тлеулиева II орынға лайық деп танылып, Мәдениет ауылының ардагері Күлдерай Жақыпова III орынға тұрақтады.

Қол күресі де тартысты өтті. Әйелдер арасында Мәдениет ауылының ардагері

Гүлжанат Қайырбаева жеңімпаз атанса, Шарипа Қайырлапова II орынға, Лаззат Сүлейменова III орынға тұрақтады. Ерлер арасындағы білектілік бәсекесінде Бұқарбай батыр ауылының ардагері Салам Мәжиев жеңіс тұғырынан көрінді. Ал Аққұм ауылының ардагері Целекцамет Бицеев II орын, Таң ауылының ардагері Рүстембек



Майжанов III орынға ие болды.

Әйелдер арасындағы бір орында ұзындыққа секіруде кент ардагері Гүлстан Рахметова үздік нәтиже көрсетіп, I орын алды. Қаракеткен ауылының ардагері Айша Құлмаханова II орын, Аққыр ауылының ардагері Лаззат Сүлейменова III орынға ие болды.

Ерлер арасында бұл сында Аққыр ауылының ардагері Төлеген Аймұратов жеңімпаз атанды. Сондай-ақ Есет батыр ауылының ардагері Керейтбек Күшекөв II орынға, Бұқарбай батыр ауылының ардагері Айтбай Жұбанов III орынға жайғасты. Ой мен зердені қатар сынаған тоғызқұмалақ сайысында кент ардагерлері жеңімпаз



атанды. Нақтырақ айтсақ, жүлделі I орын Жанат Манасбаеваға бұйырды. Ал II орынды Мұрат Жаңабегенов, III орынды Мәдениет ауылының ардагері Қаппарбек Қостанбаев иеленді.

Жекелеген спорт түрлеріндегі нәтижелер командалық есепке де өз әсерін тигізді. Нәтижесінде жалпыкомандалық есепте Мәдениет ауылының ардагерлері I орын, кент ардагерлері II орын, Таң ауылының ардагерлері III орын иеленді.

Мәдениет ауылының ардагерлері осылайша ауыспалы кубокты үшінші рет қанжығасына байлап, оны тұрақты түрде иелену құқығына қол жеткізді. Бұл – бір күндік жеңістің ғана емес, жүйелі дайындық пен

ұйымшылдықтың, ортақ мақсатқа жұмылған елдік бірліктің нәтижесі. Халқымызда «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген сөз бар. Спартакиада барысында осы мақалдың мәні де айқын көрінді. Өйткені спорттағы жеңіс жеке адамның ғана жетістігі емес, командаластардың өзара қолдауы мен ортақ рухының жемісі.

Жарыс соңында үздік шыққан жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қаржылай сыйлықтар, арнайы грамоталар, медальдар мен кубоктар табысталды. Ардагер – елдің өткенін бүгінмен жалғайтын алтын арқау. Олардың әрбір қадамы, әрбір өнегесі кейінгі ұрпаққа үнсіз сабақ береді. Бүгінгі спорттық дода да соның бір айғағы болды.

XIV спартакиада – спорттық жарыстан гөрі мағынасы терең, тағылымы мол кездесу болды. Бірі білегінің күшін байқатса, бірі зердесінің жүйріктігін танытты. Бірі жеңіс тұғырына көтерілсе, енді бірі әріптестік қолдау көрсетіп, адамдықтың биік өлшемін көрсетті. Адамды алға бастайтын – жасының ұзақтығы емес, ғұмырының мазмұны. Осы тұрғыдан алғанда, спорт алаңында өздерін сергек, жігерлі, қайратты қырынан танытқан жалағаштық ардагерлердің әрбірі – кейінгі буынға үлгі.

Салауатты өмір салтын серік етіп, елдік іске белсенді араласқан аға буынның бұл бастамасы алдағы уақытта да жалғасын табуы сөзсіз. Себебі спорт – денені шынықтыратын ғана емес, адам рухын серпілтетін, көңілге қуат беретін, жүрекке жігер сыйлайтын өмір мектебі.

Лаззат ӘЛІМ

Тағзым



ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ТУРНИР

Спорт күніне орай соғыс және еңбек ардагері Смағұлов Әбілданы еске алуға арналған футбол және жеңіл атлетикадан спорттық турнир өтті. Ардагер есімін ұлықтаған спорттық шарада қатысушылар алаңда өзара мықтыны анықтап, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті.

Спорт күніне орай соғыс және еңбек ардагері Смағұлов Әбілданы еске алуға арналған футбол және жеңіл атлетикадан спорттық турнир ұйымдастырылды. Ардагер есімін ұлықтаған шараға ауданның спортсүйер қауымы жиналып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған дода тартысты әрі қызықты өтті.

Турнирдің негізгі мақсаты – елге еңбегі сіңген ардагердің өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі ету, бұқаралық спортты дамыту және тұрғындарды белсенді өмір салтына баулу. Жарыстың ашылуында аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, кент ардагерлері кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

– Бүгінгі спорттық шараның мәні ерекше. Бұл – соғыс және еңбек ардагері Смағұлов Әбілданы еске алып қана қоймай, оның елге сіңірген еңбегін дәріптеп, кейінгі буынға өнеге етуге мүмкіндік беретін тағылымды басқосу. Әбілдан Смағұлов елге еңбегі сіңген ардагер ретінде аудан тұрғындарының құрметіне бөленген азамат. Спорт – денсаулықтың кепілі ғана емес, аға буын мен кейінгі ұрпақты байланыстыратын маңызды құрал. Бүгінгі турнирге жастармен қатар ардагерлердің де белсенді қатысып жатқанынан қуанып тұрмыз. Әсіресе жеңіл атлетикадан бақ сынаған ардагерлеріміздің белсенділігі – кейінгі буынға үлкен үлгі-өнеге. Осындай игі шаралар арқылы ардагерлердің есімін ұлықтап, олардың елге сіңірген еңбегін дәріптей береміз. Барлық қатысушыларға белсенділіктері үшін алғыс айтып, спортта талағай табыстар тілеймін, – деді аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов.

Жарыс барысында қатысушылар өзара бақ сынасып, спорттық шеберліктері мен жеңіске деген жігерлерін танытты. Футбол додасына 14 командадан 200-ге жуық спортшы қатысып, алаңда тартысты ойын өрнегін көрсетті. Нәтижесінде Т.Жүргенов командасы қарсыластарынан басым түсіп, I орынға ие болды. Жеңімпаз командаға 150 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды. Ал II орынды иеленген «Адия» командасына 100 мың теңге сыйақы берілді. Қаракеткен ауылының командасы III орыннан көрініп, 70 мың теңгелік жүлдеге ие болды. Ал IV орынға ие болған Мәдениет командасына 40 мың теңге көлемінде сыйақы табысталды.

– Турнир өте қызықты әрі тартысты өтті. Алаңға шыққан әр команда жеңіске бар күшін салды. Ойын барысында спортшыларымыз ұйымшылдық танытып, бір-біріне қолдау көрсете білді. Нәтижесінде I орынға ие болып, жеңімпаз атанғанымызға қуаныштымыз. Бұл – команда мүшелерінің тынымсыз дайындығы мен бірлігінің нәтижесі. Осындай жарыстардың жиі ұйымдастырылуы спортшылардың тәжірибесін шыңдап, аудан көлемінде футболдың дамуына үлкен серпін береді деп ойлаймын. Ұйымдастырушыларға алғысымызды білдіреміз, – дейді «Адия» командасының жетекшісі Исатай Айбеков.

Сондай-ақ турнир барысында өз шеберлігімен ерекшеленіп, команданың жеңісіне елеулі үлес қосқан үздік ойыншылар да арнайы номинациялар бойынша марапатталды. Ұйымдастырушылар спортшылардың алаңдағы белсенділігі мен ойын барысындағы шеберліктерін ескеріп, үздіктерді анықтады. Нәтижесінде қақпаны қарсы шабуылдардан сенімді қорғаған Дархан Сәбен «Үздік қақпашы», қорғаныста шеберлігімен ерекше көзге түскен Нұркелді Сансызбай «Үздік қорғаушы», алаңдағы белсенділігі үшін Нұрбақыт Сәндібек «Үздік ойыншы», ал допты қақпаға дәл соққан Әділет Жаңабегерген «Үздік сұрмерген» атанды. Номинация иелеріне арнайы марапаттармен қатар, қаржылай сыйақылар табысталды.

Мұнан бөлек жарыс ардагерлер арасында 1 шақырым қашықтыққа жүгіруден өтті. Бұл сайысқа 20-ға жуық ардагер қатысып, спортқа деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін танытты. Жасына қарамастан жарысқа белсене қатысқан ардагерлер көпшілікке үлгі болып, спортпен шұғылданудың жас талғамайтын нәтижесі. Олардың барлығына арнайы марапаттар табысталды.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Мұстафа Садықов иеленіп, 70 мың теңгелік жүлдеге ие болды. Ал II орын Қанжарбек Смағұловқа 50 мың теңге, III орын Серік Боранбаеваға 30 мың теңге, IV орын Ғабдолла Есмағанбетке 20 мың теңге, V орын Асылбек Байтасовқа 10 мың теңге бұйырды. Турнир соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталып, оларға медальдар мен кубоктар табысталды. Қатысушылар мен көрермендер үшін спорттық шара бұқаралық спорттың маңызын тағы бір мәрте айқындай түсті. Смағұлов Әбілданы еске алуға арналған бұл турнир – ардагерлердің есімін ұлықтап, олардың елге сіңірген еңбегін бағалаудың жарқын үлгісі. Сонымен қатар жарыс аға буын мен кейінгі ұрпақ арасындағы сабақтастықты нығайтып, жастарды спортқа баулуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған маңызды шараға айналды.

Сезім НҰР

Ауыл тынысы

АҚСУДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС БАР

Ақсу – аудан орталығына жақын орналасқан ауылдың бірі. Соңғы жылдары мұнда елді мекеннің келбетін көркейтіп, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Дегенмен, ауылда әлі де шешімін күткен түйтікідер бар. Соның ең өзектісі – ауылшілік жолдардың жай-күйі. Бұл мәселе аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың халықпен есепті кездесулерінде жергілікті тұрғындар тарапынан үнемі көтеріліп келеді. Ақсулық ағайын «суымыз бар, жарығымыз бар, «көгілдір отынымыз» да игілігін көріп отырмыз. Елдігі кезекте ауылшілік жолдар жөнделес» деген өтінішін бірнеше жылдан бері айтып келеді. Әсіресе әлеуметтік маңызы бар нысандар шоғырланған Т.Елеусінов көшесінің тозығы жетіп, тұрғындардың жүріп-тұруына қолайсыздық туғызуда. Осы және өзге де өзекті мәселелердің мән-жайын көзбен көріп, елдің көкейіндегі сауалға жауап іздеп, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлармен танысу үшін арнайы Ақсуға аялдап, ауыл әкімімен тілдестік.

3 КӨШЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

Ауыл әкімі Мейрамбек Сығайбаевтың елді мекен тізгінін қолына алғанына қол ұяқты өте қойған жоқ. Соған қарамастан, ол ауылдың өзекті мәселелеріне ден қойып, тұрғындардың талап-тілегін кезек-кезеңімен шешуге күш салып келеді. «Өңімімен алдымен сүйінші жаңалықтан бастайын» деген ауыл әкімі биыл жергілікті халықты көптен бері толғандырып келген жол мәселесі оң шешімін тапқанын айтты. Шынында да, бұған дейін аудан әкімінің тұрғындармен кездесулерінде ішкі көшелердің жағдайы жиі көтерілетін. «Жанбыр жауса, үйден шығу қиын. Балаларымыз мектепке батпақ кешіп баралды» деген ауыл тұрғындарының жанайқайы бүгінде ескерусіз қалған жоқ. Яғни биыл М.Әуезов, Т.Қожағұлов және Ақбөгет көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жол жиектерін құм аралас таспен бекіту жұмыстары жасалған.

Ауыл әкімінің айтуынша мұнымен жұмыс тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта басқа ішкі көшелерге де күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Қазір таңда, жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге демеушілермен келіссөздер жүргізілуде. Жоба-сметалық құжаттар әзірленген соң жобаны қаржыландыруға тиісті салалық басқармаларға бюджеттік ұсыныстар жолданбақ. Мұнан бөлек, бытыр «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 164,4 млн теңгеге «Ақсу – Беркімбай кәсіп» аралығындағы аудандық маңызы бар кірме автомобиль жолының 2,3 шақырым бөлігіне күрделі жөндеу жүргізілді. Жұмысты «РиА Сервис ЛТД» ЖШС атқарды. Жанартылған көл бүгінде тұрғындардың көңілісіз әрі жылай қатынауына мүмкіндік беріп отыр. Әсіресе, мұнда тұратын 20-ға жуық отбасы үшін жол сапасының жақсаруы үлкен қуаныш.

АУЫЛ КЕЛБЕТІ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Ақсуда елді мекенді көркейту, қоғаландыру және абаттандыру бағытында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен жалпы 4 млн теңге қаражат бөлінген. «Арсен» жеке кәсіпкерлігі тарапынан Т.Елеусінов көшесінің бойындағы ұзындығы 400 метр жаяу жүргіншілер жолына брусчатка төсеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар, елді мекенді қоғаландыру мақсатында жасыл желек егуге арналған қоршау құрылысы да қолға алынған. Елді мекеннің тазалығын сақтау бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта «Жалағаш қызмет» коммуналдық мекемесімен келісімшарт жасалып, тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген орындарға шығару жұмыстары тұрақты түрде атқарылып келеді.

– Елді мекеннің инфрақұрылымын жақсарту және тұрғындарға қолайлы жағдай қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, ішкі көшелерін жарықтандыру бойынша да нақты жұмыстар қолға алынды. Өткен жылы ауылдың ішкі көшелерін жарықтандыруға, электр энергиясының шығыны мен техникалық күтіміне 1,4 млн теңге жұмсалды. Сонымен қатар «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 3,4 млн теңге бөлініп, оның 2,8 млн теңгесіне көше шамдарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 136 мың теңгеге көше атаулары көрсетілген белгілер орнатылды. Ауылды жарықтандыру жұмыстарына демеушілер де өз үлесін қосуда. «Сәрке батыр» ЖШС демеушілігімен 532,5 мың теңгеге Конституция көшесі, «Мақсат»



шаруа қожалығының қолдауымен 521,3 мың теңгеге С.Дәулетбеков көшесі жарықтандырылды. Мұндай жұмыстар елді мекеннің көркін арттырып қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік беруде, – дейді Мейрамбек Серікұлы.

Ауыл әкімінің айтуынша, мұнан бөлек Конституция, М.Найзабаев, Т.Боранбаев, Т.Елеусінов және Бостай би көшелеріне жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, облыстық

жауапты кезек. Көктемгі дала жұмыстары басталғаннан бастап күзгі жиын-терімге дейін шаруалар ауа райының қолайсыздығына қарамастан, уақытпен санаспай еңбек етеді. Сондықтан әр гектардан алынған өнімнің артында диканшын маңдай тері мен қажырлы еңбегі жатыр. Жердің берекесін көріп, кәсібін дөңгелеткен шаруалардың қатары көбейген сайын ауылдың да әлеуеті арта түспек.



жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданған. Аталған жұмыстар елді мекеннің инфрақұрылымын жақсартып қана қоймай, оның көркін арттырып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етпек. Бүгінде қолға алынған әрбір жоба нәтижесін тұрғындар күнделікті өмірде сезініп келеді.

ЕГІННЕН БЕРЕКЕ ТАПҚАН ЕЛ

Екі мыңға жуық тұрғыны бар Ақсу ауылы – еңбектің берекесін арттырып отырған елді мекен. Мұнда ауыл шаруашылығы жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Тұрғындардың бір бөлігі егін ексе, енді бірі мал шаруашылығымен айналысып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосып келеді. Әсіресе егін шаруашылығы ауыл экономикасының негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Ақсулық диканшылар жердің құнарын тиімді пайдаланып, егіс көлемін сақтап қана қоймай, дақыл түрлерін көбейтуге де мән беріп келеді. Бұл ретте «Сәрке батыр» ЖШС-нің атқарып отырған жұмысы ерекше.

Шаруашылық өткен жылы жерге күріштің «Ілдер» және «Маршал» сұрыптарын орналастырып, күзгі жиын-терім науқанын жоғары көрсеткішпен қорытындылаған. Шаруашылық мамандары бұл сұрыптардың дәні ірі әрі салмақты болуымен қатар, нарықтағы сұранысының жоғары екенін айтады. «Сәрке батыр» ЖШС егін шаруашылығында бір ғана дақылға тәуелді болмай, алқаптарды тиімді пайдалану мақсатында егістікті әртараптандыруға да басымдық беріп келеді. Осыған сәйкес серіктестік биыл 838 гектарға күріш, 322 гектарға қана жонышқа, 417 гектарға ескі жонышқа, 120 гектарға бидай, 118 гектарға мақсары еккен.

Ақсулық дикандар үшін егін науқаны – жыл бойғы тынымсыз еңбектің нәтижесін көрсететін

КӘСІП КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙГЕН

Ауылда кәсіпкерлік саласы да қарқын алып, тұрғындардың жыл сайын табысын арттыруға деген қызығушылығы артып келеді. Әсіресе мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдаланып, жаңа кәсіп бастауға ниетті азаматтардың қатары көбейген. Бүгінде Ақсу ауылында 123 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Ауыл тұрғындары мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, өз кәсібін ашуға және қолда бар кәсібін кеңейтуге ниетті. Мәселен, бытыр ауылдың 10 тұрғыны қайтарымсыз грант иеленіп, кәсіптік бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік алған. Грант иегерлерінің басым бөлігі мал басын көбейтіп, шаруашылығын кеңейтсе, енді бірі сүйікті ісін кәсіпке айналдырып, өнім өндіруге ден қойған. Мұндай бастамалар ауылдағы шағын және орта бизнестің дамуына серіп беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына да ықпал етпек.

Сонымен қатар «Ауыл аманаты» жобасы аясында 4 тұрғынның жобасы қаржылай қолдау тапқан. Ал биыл аталған жоба арқылы бір азамат 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие алып, жаңа кәсіп бастаған. Ауыл әкімінің айтуынша, қаржылай қолдауға ие болған азамат қаражатына ауылда автокөлік жөндеу орталығын ашуды қолға алған. Кәсіп түрлерінің көбеюі ауыл тұрғындарына қажетті қызметтер мен өнімдердің жергілікті жерде қолжетімді болуына мүмкіндік бермек. Ең бастысы, бұл – ақсулықтардың кәсіп бастауға деген қызығушылығы артып, өз мүмкіндігін тиімді пайдалануға ұмтылып отырғанының айқын көрінісі.

ӨНЕР МЕН ӨНЕГЕНІҢ ОРДАСЫ

Мұндағы мәдениет үйі бүгінде ауыл тұрғындарының басын қосып, өнер мен ұлттық құндылықтарды дәріптейтін маңызды орталыққа айналған. Ауылдық клубында бүгінде бес үйірме тұрақты жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Сырлы әуен» ән, «Ай-Ару» би, «Сөз маржаны» көркемөз және «Алтын оймақ» колөнер үйірмелеріне 10-15 жас аралығындағы 45 бала қатысады. Сонымен қатар клуб жанынан құрылған әкелер ансамблі 2014 жылдан бері ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп келеді. Үйірме мүшелері аудандық, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі өнер байқауларына белсене қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Биыл Ақсулық өнерпаздар 9 байқауға қатысқан. Аудандық деңгейде өткен 3 байқауға 3 өнерпаз қатысып, 1 бірінші орын және 2 арнайы жүлдеге ие болған. Ал республикалық деңгейдегі 2 байқауда бақ сынаған 6 өнерпаздың қоржынында 1 бас жүлде, 3 бірінші орын және бір-бірден екінші, үшінші орындар бар. Өнер додаларында топ жарып жүрген өрендердің жетістігі Ақсу ауылындағы мәдениет ошағының жүйелі жұмысының жемісі.

Мұнда жыл басынан бері 72 іс-шара ұйымдастырылған. Мәдени іс-шаралар «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасы аясында

жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда «Сұхбат ТІМЕ», «Әлем-BOOK», «АРТ уақыт», «Жаңуя шуағы», «Креативті НUB», «Еріктілер тобы» жобалары бойынша түрлі тағылымды кездесулер мен шығармашылық шаралар өткізілуде. Сонымен қатар ауыл тұрғындары мен жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында «Кино-ТІМЕ» жобасы аясында 24 кино көрсетілімі ұйымдастырылған.

Әсіресе, ауыл тұрғындарының өмір жолын, жетістігін кейінгі буынға үлгі етуге бағытталған «Сұхбат ТІМЕ» жобасының орны ерекше. Жоба аясында қазақ күресінен жүлделер, облыстық және аудандық байқаулардың жеңімпаздары Ұласхан Алпысбай және Шыңғысхан Әбілхасенұлымен сондай-ақ республикалық, халықаралық деңгейдегі Гір тасын көтеру спорттың жеңімпаздары Өтеген Әділбайұлы мен Әлтайыр Өмірбекпен тағылымды сұхбаттар ұйымдастырылған. Жоба аясындағы кездесулер тек спорт саласының сандықтарымен шектелмей, елге еңбегі сіңген азаматтар мен шығармашылыққа жақын жастардың да өнегелі жолын насихаттауға бағытталған. Ардагер ұстаз Бақыт Сариева, «Батыр ана» Алтынқұл Баймаханова, Құлзагира Алмаханова аналармен сыр-сұхбат кештері өткізіліп, олардың өмірлік тәжірибесі мен жетістіктері көпшілікке таныстырылған. Ал «Жаңуя шуағы» жобасы отбасы құндылықтарын дәріптеп, елге қызмет еткен жандарды құрметтеуге арналған. Жоба аясында ауыл емханасының қызметкерлері Рая Нұрмаханова мен Бақыт Мұстафаеваны сондай-ақ ауыл округі әкімі аппаратының бас маманы Алма Пришесына құрметті зейнет демалысына шығарып салу кештері ұйымдастырылған. Сонымен бірге аудандық «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы атанған Алдабергеновтер отбасымен кездесу өткізіліп, шаңырақтың берекесі мен отбасылық құндылықтар жайында тағылымды әңгіме өрбіген. Мұндай мазмұнды шаралар ауылда мұндай ортаның қалыптасуына ғана емес, кейінгі буынға үлгі-өнеге көрсетуге де ықпал етуде. Жаңашыл жобалар мен дәстүрлі мәдени шараларды сабақтастыра отырып, Ақсу ауылдық клубы ауыл өнерпаздарының шығармашылығын қолдауға және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жұмыстарын жалғастыра бермек.



ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ МОЛ

Ауылда спортқа қызығушылық танытқан жастардың қатары жыл санап артып келеді. Бұған ауылдағы №13 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде жұмыс істейтін спорт үйірмелерінің ықпалы зор. Мұнда 2023 жылдан бері бокс пен қазақ күресінен үйірмелер тұрақты жұмыс істедуде. Жас спортшыларды қазақ күресі үйірмесінде қазақ күресі мен белбеу күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын иеленген Ұласхан Алпысбай жаттықтырады. Ал бокс үйірмесін білікті бапкер Дамир Есалиев жүргізеді. Тәжірибелі бапкерлердің басты мақсаты – ауыл балаларын спортқа баулу ғана емес, олардың арасынан болашақ чемпиондарды тәрбиелеу.

– Үйірмеге балалар 2-3 сыныптан бастап қабылданады. Қазіргі таңда 35 жас спортшы тұрақты түрде жаттығуда. Оның ішінде 5 қыз бала және 30 ұл бала бар. Олар аптасына бес күн жаттығып, жарыстарға жан-жақты дайындалады. Спортшылар аудан көлеміндегі додаларда бақ сынап қана қоймай, облыстық және республикалық бәсекелерге де

қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Мәселен, жыл басынан бері қазақ күресінен спортшылар 10 аудандық, 4 облыстық жарысқа қатысып жүлдемен оралды, – дейді жаттықтырушы Ұласхан Алпысбай.

Бұл жетістіктің артында күнделікті жаттығу, тәртіп, табандылық пен бапкердің қажырлы еңбегі тұр. Аядай ғана ауылда шағын залда шыңдалып жүрген жас өрендерге берілген бапкерлердің бағыт-бағдары оларды талай биікті бағындырған спортшылар қатарына қосарына сеніміміз мол.

10 ТҮЛЕК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНҒАН

Ауылдағы білім ордасында оқушылардың жан-жақты дамуына ерекше мән беріліп келеді. Білімге ұмтылған жас өрендер оқумен қатар спорт пен өнер саласында да белсенділік танытып, түрлі байқаулар мен жарыстарда ауылдың абыройын асқататып жүр. Олардың сапалы білім алуына 60 педагог қызмет етеді. Олардың ішінде 16 педагог-зерттеуші, 12 педагог-сарапшы және 18 педагог-модератор бар. 2025-2026 оқу жылында мектепте 248 оқушы білім алған. Оның 15-і 1-сыныпқа қабылданып, 25-і мектепалды даярлық тобында тәрбиеленген. Аталған оқу жылын 22 түлек аяқтаған. Олардың қатарында 1 «Алтын белгі» иегері мен 4 «Үздік аттестат» иегері бар. Мектеп директоры Дархан Әбдиевтің айтуынша түлектердің 14-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, 4 оқушы 100-ден жоғары балл жинаған. Мәселен, Ұлжан Бердіғали – 122, Дархан Мырзабек – 110, Бағдат Мұхтар – 106, Ұлбала Қуаныш – 102 балл иеленген. Сондай-ақ 10 түлек мемлекеттік білім грантына қол жеткізіп, таңдаған мамандықтары бойынша жоғары білім алуға жолдама жейіп алған.

ТҰРҒЫНДАР САУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсету ісі назардан тыс қалған емес. Осыдан алты жыл бұрын пайдалануға берілген ауылдық емхана бүгінде халыққа қажетті медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етіп отыр. Мұнда 1 жалпы тәжірибелі дәрігер, 1 фельдшер, 1 әлеуметтік қызметкер, 7 орта буын медицина қызметкері және 5 техникалық қызметкер жұмыс істейді. Медициналық мекемеде тұрғындардың денсаулығын бақылау, аурулардың алдын алу және емдеу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Дәрігердің айтуынша жыл басынан бері ауылда 15 сәби дүниеге келген. Тұрғындарды қажетті дәрі-дәрмекпен қамту мәселесі тұрақты бақылауда. Диспансерлік есептегі азаматтарға диагностика қарай тиісті дәрілер уақытылы беріледі, 18 жасқа дейінгі балалар мен жетпіс әйелдер де тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуде. Дәрігер Илдира Маратқызының айтуынша, мұнда 5 орынға арналған күндізгі стационар бөлімі бар. Мұнда науқастарға қажетті тексеру мен ем-шаралар жүргізіліп, заманауи медициналық құралдардың көмегімен қан талдауы алынады. Бүгінде дейін күндізгі стационарда 144 тұрғын ем алған.

Дәрігердің сөзінше, ауыл тұрғындары арасында бүйрек ауруы, қант диабеті, қаназдық және қан қысымының жоғарылауы жиі кездеседі. Мұндай сырқаттардың алдын алу үшін тұрғындарға тұрақты медициналық бақылау жүргізіледі. Ауылда жедел медициналық көмек көрсетуге арналған арнайы көлік те қарастырылған. Аталған көлік көмегімен тұрғындардың денсаулығына қатысты шұғыл



жағдайларда алғашқы көмек дер кезінде көрсетіліп келеді.

Ақсу ауылына жасаған сапарымыз барысында елді мекеннің тыныс-тіршілігімен танысып, тұрғындардың күнделікті еңбегі мен ауылдың даму бағыттарына құнды зор аудардық. Бірлігі бекем, тірлігі тындырымды елді мекенде әр істің өз жүйесі бар. Үлкенді сыйлап, салт-дәстүрді дәріптеген ауыл жастары да елдің қоғамдық өмірінен шет қалмай, еңбекке белсене араласуда. Ауылдың берекесін – тұрғындардың тынымсыз еңбегі мен ауызбіршілігінен аңғардық. Қарапайым еңбек адамдарының маңдай тері мен елге деген жанышарлығы ауылдың берекесін арттырып отыр. Бірі шаруасын дөңгелетіп кәсіп бастаса, енді бірі ауылдың қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Осындай ортақ мақсат пен ұйымшылдық Ақсудың ажарын ашып, тіршілігін жаңдандырып отыр. Бір қарағанда шағын ғана ауыл болғанымен, мұндағы тіршілік тамыры тереңде. Көңілі кең, еңбегі ерен Ақсудың бүгінгі тынысы – берекелі тірлікпен елді мекеннің енесінен тіктеп, келешекке деген сенімін нығайтып келеді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертифицирталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2871 Тапсырыс №1441
--	---	---	---	---